**Келісілді:**

**ЖШС Жеке балабақша «Ақниет»**
**«Ақниет+» жеке бөбекжай-балабақшасының**
**әдіскері Нуржанова Б.Б**

**Бекітілді:**

**ЖШС Жеке балабақша «Ақниет» «Ақниет+»**
**жеке бөбекжай -балабақшасының**
**меңгерушісі Мухамбеткалиева Г.К**

№1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді. Хаттама №1,29.08.2024ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспары
«Ақ көгершін» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Нуржанова Б.Б.
Бакаева М.Б.

**Түсінік хат**

2024-2025 оқу жылында «Ақниет+» жеке бөбекжай-балабақшасының «Ақ көгершін» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті- құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырыпұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген

**«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі»**

ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары:**

ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3тамыздағы № 348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты:**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы9қыркүйектегі № 394 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12тамыздағы№ 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен \ өзгерістер мен толықтырулар\ бекітілген. **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаласы**. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі 5 жыл, бір жас тобында 1жыл.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.

ҚР Оқу ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы

**«Біртұтас тәрбие» бағларламасы.**

2024-2025оқу жылында ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты \ ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы № 5 хаттамасы\

| айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері. | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар**. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету<br>**Негізгі қмылдар:**<br>**Жүру, жүгіру;** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**Сапқа тұру**; шеңберге барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).<br>**Тепе теңдікті сақтау**:Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру.<br>**Секіру** жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру 5-10 см биіктіктегі заттың үстінен секіруді үйрету.<br>**Лақтыру;**Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату<br>**Еңбектеу;** Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, жыланша, арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеу. | бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді;<br>негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын орындайды.<br>мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасқан қимылды ойындарды бірге ойнайды. |
| | Сөйлеуді дамыту | Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету.Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды айта білу. артикуляциялық | Балаларды өз бетінше сөйлей алады.Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды айтады. сөйлеу қарқынын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. | өзгертеді баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтады. |
| | Көркем әдебиет | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастырады, суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айта алады. |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**сөздерді дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету,артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қоры:** күнделікті өмірде жиі қолданылатын ойыншықтар, отбасы, уақыт, тәулік ,күн тәртібі туралы, сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну,отбасының,жақын туыстарының маңыздылығын тереңінен ұғындыру,сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** қарапайым сөйлемдер құруды үйрету, жуан, жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалар өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.<br>Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.Қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру | дыбыстарды анық айтады, қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді, күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады.<br><br>Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдайды. Сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтайды және дұрыс айтады. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтады.Қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дағдыларын қалыптастыру. | |
| | Математика негіздері | Заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануда қуана білуге, өзіне сенімділікке баулу;<br>қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>Сан. «Бір», «Көп», Геометриялық фигуралар, кеңістікті бағдарлау, тәулік бөліктері туралы ұғымдармен таныстыру. | "бір", "көп" ұғымдарын ажыратады;<br>жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | «Мен» бейнесін, өзінің және құрдастарының жыныстық тиістілігін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету.<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы түсінік қалыптастыру. | «Мен» бейнесін, өзінің және құрдастарының жыныстық тиістілігін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінеді.<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы біледі. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы біледі. |
| | Құрастыру | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. | құрастыруды қызығушылықпен орындайды;<br><br>құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді;<br><br>құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; |
| | Сурет салу | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді | сурет салу бойынша:<br><br>сурет салу техникасының бастапқы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. | дағдыларына ие;<br><br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;<br><br>сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). | заттарды мүсіндеуге қызығады;<br><br>сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;<br><br>мүсіндейтін затты зерттейді;<br><br>мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; |
| | Жапсыру | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімді дұрыс және ұқыпты пайдалануға үйрету. | желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;<br>ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; |
| | Музыка | **Музыка тыңдау**:<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау түрлі сипаттағы аспапта | таныс әндерді, пьесаларды біледі<br><br>музыканың сипатын сезінеді: ән, марш |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | орындалған пьессаларды тыңдау, есте сақтау. **Ән айту**:Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу ересектермен бірге ән салу, аспапты сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу, дағдыландыру.**Музыкалық ырғақты қимыл:**Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекетерінде байқау. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату болып табылады. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. | музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажыратады;<br>билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды.<br>Балаларға арналған<br>аспаптардың дыбысталуын ажыратады<br>музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды;<br>музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген;<br>музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; |

| айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері. | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар**:<br>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау.<br>**Негізгі қмылдар:** ;<br>**Жүру, жүгіру;** шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру;<br>**Тепе теңдікті сақтау**: , еңіс тақта бойымен | Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындайды. Жүру. Сапта бір бірлер бірінің артынан бірі тізені көтеріп жүреді.Аяқтың ұшымен қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүгіреді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;<br>**Секіру**; тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы<br>**Лақтыру;** екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға лақтыру.<br>**Еңбектеу;** арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | Балалардың іс- әрекетінің түрлі нысандары мен түрлеріне ауызша сөйлеуін дамыту.Заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету.Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанынада тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.Суреттерді қарау кезінде байланыстыра сөйлеу. | дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; |
| | Көркем әдебиет | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, кейіпкерді ойнағанда мінез құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға үйрету. Өлеңді тыңдау, қайталау арқылы мәнерлеп жаттауға үйрету. | оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;<br><br>тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету.<br>**Сөздік қоры:** күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістер мен көкөністердің, үй құстарының аттарын, білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. | дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады, қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді, күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:** сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер), қарапайым сөйлемдер құруды үйрету, жуан, жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.<br>Заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді анық айтуға үйрету. Тәрбиешінің өтінішін орындауды, қойылған сұраққа толық және анық жауап беруге үйрету. Әңгімелеу барысында қазақ тілінде ғана кездесетін дыбыстарды дұрыс және анық айтуға дағдыландыру. | қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады;<br><br>өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді; |
| | Математика негіздері | Бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама қарсы және бірдей заттарды салыстыру.Геометриялық пішіндерді тану және атау. Пішін түрлерін зерттеу.Кеңістікте бағдарлау. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау. Заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. | екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Ауа райының жағдайын анықтау.Бөлме өсімдіктерінің түрлері мен ерекшеліктерін ажырату. Үй және жабайы жануарларды суреттен ажырата білуге | тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үйрету.Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату, атау. Бақылау мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. | кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды;<br>үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, олардың түсі мен көлемі туралы білімдерін толықтыру. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру. Қағазды бүктеу арқылы бейне жасауға үйрету. | әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;<br><br>ұжымдық құрылыс жасауға қатысады;<br><br>өзі құраған құрылысымен ойнайды; |
| | Сурет салу | Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру.Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды\ дуал\ салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу \саусақпен, алақанмен, түрлі түсті борлармен\ дағдыларын қалыптастыру. | сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;<br><br>сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтың, ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерімен таныстыру. Алақан арасына салып кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға \ ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар\ біріктіру білігін жетілдіру. | сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;<br><br>мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; |
| | Жапсыру | Тұта қағаз парағына бейнелерді орналастыруға үйрету. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Бейнеленген заттарға сәйкес | желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | түстерді таңдау. Желімді ұқыпты пайдалана білуге үйрету. Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. | бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; |
| | Музыка | **Музыка тыңдау**:<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл -күй танытады.<br>**Ән айту**: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементін орындау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.<br>**Билер:** билейтін әуендерге сәйкес қарпайым қимылдарды орындайды.<br>**Музыкалық ойындар**:<br>Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекетерінде байқау.<br>Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату болып табылады.<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br><br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, | таныс әндерді, пьесаларды біледі<br><br>музыканың сипатын сезінеді: ән, марш музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажыратады;<br>билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды.<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;<br><br>сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әнді бірге бастап, бірге аяқтау. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері. | Күтілетін нәтижелер. |
|---|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | **Жүру:** Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр),**Жүгіру.**Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,Домалату, лақтыру, қағып алу.<br>**Лақтыру.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>**Еңбектеу:** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен секіру.<br>**Мәдени гигиеналық дағды.**Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. | бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады;<br><br>жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br><br>Допты домалатады, лақтырып қағып алады. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады<br><br>қимылды ойындарды қызығып ойнайды;<br><br>күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; |
| | Сөйлеуді дамыту | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту.Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорлары артады.Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады. Суреттерді, заттарды қарастырып өз ойын айтады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | Жаңа ертегілерді әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Мазмұнын өз бетінше қайталап айтып беруге үйрету. | Жаңа ертегілерді әңгімелерді, өлеңдерді тыңдайды. Мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. **Сөздік қор:** Жаңылтпаштар жаттатқызу, жұмбақтарды шешкізу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br>Балаларды сөйлеу кезінде дыбыстарды анық айтуын қалыптастыру. | Ересектердің көмегімен жаңылтпаштарды жатқа айта алады, жұмбақтарды шеше алады;<br>Сөздерді септеп қолданып, сол сөздермен сұраулы, лепті, хабарлы сөйлем құрай алады.<br><br>сөйлеу кезінде дыбыстарды анық айтады. |
| | Математика негіздері | «Қанша?», «Неше?» жауап бере алуға үйрету.Тең және тең емес заттар тобын салыстыру. | «Қанша?», «Неше?» жауап бере алады. Тең және тең емес заттар тобын салыстырады. |
| | Құрастыру | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып бірі бірімен бекіту тәсілін қолданып өз бетінше құрастыруға үйрету. | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттейді. Бөлшектерді бірі бірімен бекіту тәсілін қолданып өз бетінше құрастырады. |
| | Сурет салу | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, артық бояуды, құтының шетіне қылқаламды ақырын басып ағызып жіберіп бояуды үйрету. Ұқыптылыққа баулу.Бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесінде эмоционалды | Қылқаламмен жұмыс жасауда . ұқыптылық танытады. Бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесінде эмоционалды жағымды қарым қатынас орнатады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жағымды қарым қатынас орнату. | |
| | Мүсіндеу | Кесектерді алақан арасына салып домалату, есу, жаю тәсілері арқылы заттарды мүсіндеу.Мүсіндейтін затты зерттей алу қабілетін дамыту. | Мүсіндейтін затты зерттейді. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданады. |
| | Жапсыру | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішін бойынша әр түрлі дайын пішіндерді реттілікпен орналастыра отырып жапсыра алуға үйрету. | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішін бойынша әр түрлі дайын пішіндерді реттілікпен орналастыра отырып жапсырады. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау**: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Ән айту**: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) - ля (си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айту,<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:м**узыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Музыкалық аспапта ойнау**:балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен<br>таныстыру.<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. | музыканы тыңдау дағдысын меңгерген музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды бір-біреуден, жұптаса ауыса отырып, би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын ұқсатады;<br><br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды. музыканың сипатын түсінеді. музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын ажыратады. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.Көлік құралдары түрлерімен таныстыру. Заттардың айырмашылығ мен атуларын, олардың көлемін түсін, пішінін | Қазақ халқының тұрмыстық заттарын біледі.Көлік құралдары түрлеріг атайды. Заттардың айырмашылығ мен атуларын, олардың көлемін түсін, пішінін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қарастыру | қарастырады. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері. | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | **Жүру.** Шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. **Тепе- теңдікті сақтау**:арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. **Жүгіру.** «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру. **Еңбектеу.** Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу. 2-3 м қашықтыққа алға қарай жылжып секіру. **Мәдени гигиеналық дағды:** Тамақтанар алдында қолды жуу. | қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүреді. еденге қойылған заттардан аттап жүреді, допты кеуде тұсынан лақтырады. Оң және сол қолмен нысанаға лақтырады. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектейді. |
| | Сөйлеуді дамыту | Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін заттарды жалпы және еркеше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Зат есімдерді үстінде, астында артында, | Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін заттарды жалпы және еркеше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыта алады. Зат есімдерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жанында көмекші сөздермен бірге қолдану. Табиғатты бақылау, шығармаларды тыңдау ертегілер мен мульфильмдерді көрегннен кейін өз ойын айтуға баулу. | үстінде, астында артында, жанында көмекші сөздермен бірге қолданады. Табиғатты бақылап, шығармаларды тыңдау ертегілер мен мульфильмдерді көргеннен кейін өз ойын айтады. |
| | Көркем әдебиет | Оқылған шығармалардың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.Кейіпкерлердің әректетерін талқылай алуға үйрету. | Оқылған шығармалардың кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.Кейіпкерлердің әректетерін талқылайды. |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру<br>Түрлі балалар әрекетінде балалардың бірі- бірімен сөйлесуіне жағдай жасау. | Суретке қарап тұрмыстық зат атауларын атай алады;<br>Тұрмыстық зат атауларын тәуелдеп қолдана алады;<br>Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді.<br><br>Бір бірімен сөйлесе алады. Сөйлесу кезінде дыбыстарды анық айтады. |
| | Математика негіздері | Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру. «Ұзын-қысқа», «Бірдей- тең» | Заттарды ұзындығы бойынша салыстырады. |
| | Құрастыру | Өзінің құрастырған құрылысын талдауға баулу. Құрастырылған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнауға үйрету. | Өзінің құрастырған құрылысын талдайды. Құрастырылған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнайды. |
| | Сурет салу | Бір заттың немесе түрлі затардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздік сақтауға және ұқыптылыққа | Қарапайым сюжеттік композициялар жасайды. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздік сақтайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | баулу. | |
| | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерді қосу,қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. | Мүсіндеу тәсілдерін қолданып мүсіндейді. |
| | Жапсыру | Берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруға үйрету. | Берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасайды, пайда болған бейнені қағазға жапсырады. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау**:музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту**: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) - ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту,<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>**м**узыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру<br>**Музыкалық аспапта ойнау**<br>балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Музыкалық ойыншықтар мен аспаптардың дыбыстарын ажырата алуға үйрету. | таныс әндерді, пьесаларды біледі<br>музыканың сипатын сезінеді: ән, марш<br>музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажыратады;<br>билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды.<br><br>Музыкалық ойыншықтар мен аспаптардың дыбыстарын ажыратады. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Заттар ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.Жаяу жүргіншілер және жолаушыларға арналған | Заттар ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарайды.Жаяу жүргіншілер және жолаушыларға арналған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қарапайым ережелермен таныстыру.Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, ҚР мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. | қарапайым ережелерді біледі. Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие |

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері. | Күтілетін нәтижелер. |
|---|---|---|---|
